

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттама жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 маусымдағы N 700 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттаманың жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Зауытбек Қауысбекұлы Тұрысбековке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан көрсетілген Қосымша хаттаманы жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрамы Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттама

1. Жалпы ережелер

А. Америка Құрамы Штаттарының Үкіметі ("АҚШ Үкіметі") мен Қазақстан Республикасының ("ҚР Үкіметі") (бұдан әрі жеке түрде "Тарап" және ұжымдық түрде "Тараптар" деп аталатын Қазақстандағы есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі қызмет пен құқық қорғау қызметін қосымша қаржыландыру және қазақстандық заңнаманы Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне және халықаралық конвенцияларға, нормалар мен стандарттарға сәйкестендіруге жәрдемдесу мәселесі жөніндегі АҚШ Үкіметі мен ҚР Үкіметі арасындағы өзара түсіністік туралы 2002 жылғы 12 желтоқсандағы меморандумға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келіседі. Жобаның толық сипаттамасы II бөлімде, Жобалардың жалпы сипаттамасы, жазылған.

В. АҚШ Үкіметі ҚР-ға төменде сипатталған жобалардың шегінде 650.000 АҚШ долларын қосымша көмек ретінде ұсынады. АҚШ Үкіметі осы толықтыру шарттарына

сәйкес ҚР үшін АҚШ Үкіметінің басқа органдары арқылы ақша қаражаттарын бөлу жолымен тиісті оқыту мен жабдықтауды ұсынады. Төменде II тарауда жазылған жобалардың сипаттамасынан басқа, 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Өзара түсіністік туралы меморандумда көзделген барлық міндеттер мен шарттар қолданыста болады және толық заң күшін сақтайды.

С. Осы толықтыруда көзделген ақша қаражаттары:

1. Қазақстан Республикасына қылмыстық жолмен, оның ішінде есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды сатудан түскен ақша қаражаттарын заңсыз заңдастыруға қарсы іс-әрекет етуге жәрдемдесуге;

2. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалданатын есірткі құралдары мен өзге де контрабанданы ұстауда ішкі істер органдарының мүмкіндігін арттыруға;

3. Ресей-Қазақстан шекарасындағы және жасыл дәліз бойындағы рұқсат беру пункттеріндегі есірткі құралдары мен өзге де контрабанданы ұстауда шекара және кеден қызметі органдарының мүмкіндігін арттыруға;

4. ҚР-дағы құқықтық статистиканы, әсіресе АҚШ Мемлекеттік департаменті Есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі және құқық қорғау қызметі бюросының (INL) бағдарламаларында көзделген және ҚР есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күресуде қол жеткізетін прогреспен байланысты салалары мен бөлімдері бойынша жинау және тарату мүмкіндіктерін жетілдіруге шақыратын төрт бағдарламаға қолданылады.

Д. Осы Меморандумға сәйкес жасалатын іс-әрекеттер және АҚШ Үкіметі мен ҚР Үкіметі тарапынан ұсынылатын ресурстар төменде белгіленген және әр Тарап үшін айқын міндеттеме болады.

Е. АҚШ Үкіметі ҚР-ға 650.000 АҚШ доллары мөлшерінде төменде нақты сипатталған жобалар бойынша қосымша көмек ұсынады. Меморандумның шарттарына сәйкес АҚШ Үкіметі бөлетін ақша қаражаттары жеке құжатта көрсетілген және 650.000 АҚШ долларын құрайды. АҚШ Үкіметі тарапынан осы және кез келген басқа да болашақ жобалар бойынша бұдан әрі қаржыландыруды бөлу жобалардың мақсаттарына жету жолындағы қанағаттанарлық прогреске байланысты және АҚШ Конгресімен жылдық негізде бөлген және АҚШ Мемлекеттік департаментінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі және құқық қорғау қызметі бюросы (INL) мақұлдаған ақша қаражаттарының болуына байланысты.

2. Жобалардың жалпы сипаттамасы

А. Осы жобалар ақшаның жылыстауы және осымен байланысты қылмыстарға қарсы іс-әрекет Қазақстан аумағы арқылы өткізілетін есірткі құралдары мен өзге де контрабанданы ұстап қалу; Қазақстан мен Ресей арасындағы шекарада есірткі құралдары мен өзге де контрабанданы ұстап қалу; ҚР-дағы, әсіресе INL

бағдарламаларымен және есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күресте ҚР қол жеткізетін прогреспен байланысты құқықтық статистиканы жинау және тарату мүмкіндігін жетілдіру жөнінде ҚР-дың мүмкіндіктерін жетілдіруді көздейді.

В. АҚШ Үкіметі тарапынан:

1. жеке бағдарламаларды іске асыру шеңберінде жабдықтарды;
2. нұсқаушылар мен техникалық кеңесшілерді ұсынуды;
3. ҚР нұсқаушыларының оқуға қатысуымен байланысты шығыстарды қамтиды.

С. ҚР - дың тарапынан:

1. оқитын студенттерді және бөлімшелерді таңдауды;
2. АҚШ Үкіметі үшін оқу үй-жайларын тегін ұсынуды;
3. нұсқаушыларға ҚР-дың ғылыми және заңнама тұрғысынан тиісті білім пәндерін ұсынуды;
4. әр жобаның нәтижелері бойынша тұрақты түрде жазбаша ақпарат пен консультацияларды қамтиды.

Д. Осы жобалардың әрқайсының болжамды қолданылу мерзімі бір жылды құрайды, оның мерзімі өткен соң ҚР-да заңсыз ақшаның жылыстатуына қарсы іс-әрекет ету жөніндегі неғұрлым кең мүмкіндіктер; есірткі құралдарының ішкі айналымына қасы күрес жөніндегі неғұрлым кең мүмкіндіктер; Ресеймен (әсіресе жасыл дәліздегі) шекараны бақылау жөніндегі неғұрлым жетілдірілген мүмкіндіктер; және қылмыстық статистиканы жинау және жариялау, әсіресе INL жобаларының тиімділігін бағалауға байланысты және ҚР-ның есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күрестегі жетістікке жету мүмкіндіктерінің өсуі болады.

3. Жобалардың сипаттамасы, мақсаттары және оларды бақылау

Төменде әр жоба жеке сипатталған, сондай-ақ оның мақсаттары, жетістік параметрлері және келісілген бағалау әдісі көрсетіледі.

а. Ақшаның жылыстауына қарсы іс-қимыл жобасы (200.000 доллар)

1. Жобаның сипаттамасы:

Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттіктің (қаржы полициясы), Қаржы полициясы академиясының, Ішкі істер министрлігі академиясының және Қазақстанның Қазақ гуманитарлық заң университетінің қатысуымен АҚШ Ішкі қауіпсіздік департаментінің Құқық қорғау органдарын оқыту жөніндегі федеральдық орталығы (FLETS) мен АҚШ Қаржы министрлігінің Техникалық көмек бюросы қаржы қылмыстарын тергеу әдістерін практикалық зерделеуді қоса алғанда ақшаның жылыстауына қарсы күрес проблемалары бойынша бірнеше семинарлар өткізеді. Оқуға экономикалық және қаржы қылмыстарын тергеуге байланысты Қазақстан Республикасының барлық

ведомстволары қатыса алады. Қаржы полициясы академиясының оқытушы құрамын оқытуға және Академияға тиесілі жабдықтарды жаңартуға ерекше көңіл бөлінеді. Қаржылар жеткілікті болған кезде Қаржы академиясының оқытушы құрамы Құқық қорғау органдарын оқыту жөніндегі федеральдық орталыққа (FLETS) бұдан әрі оқуға ш а қ ы р ы л у ы м ү м к і н .

Бұдан басқа, Техникалық көмек бюросы ақшаның жылыстауына қарсы іс-қимыл туралы әзірленген заң жобасы бойынша техникалық консультациялық қызметтер және Қазақстанның қаржылық барлау органдарына білім беру мәселелері бойынша т е х н и к а л ы қ к ө м е к б е р е д і .

2. Нұсқаушылар мен материалдар:

Оларды Құқық қорғау органдарын оқыту жөніндегі федеральдық орталық, АҚШ Қаржы министрлігінің Техникалық көмек бюросы, Қазақстанның Қазақ гуманитарлық заң университеті және қажет болған кезде басқа да көздер ұсынатын болады.

3. АҚШ Үкіметі тарапынан іс-әрекеттер:

- а. нұсқаушылар мен талап етілетін оқу материалдарын ұсыну;
- б. техникалық кеңесшілерді ұсыну;
- с. АҚШ Үкіметі техникалық кеңесшілерінің және олардың қазақстандық әріптестерінің өзара шешімі бойынша қажетті жабдықтарды ұсыну.

4. Қазақстан Республикасының тарапынан іс-әрекеттер:

- а. оқу үй-жайларын ұсыну;
- б. қолда бар оқу жабдықтарын ұсыну;
- с. студенттерді ұсыну;
- д. жалпы оқыту және қазақстандық ерекше пәндер бойынша семинарлар үшін н ұ с қ а у ш ы л а р д ы ұ с ы н у ;
- е. біліктілігін арттыру мақсатында Есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеттің қызмет ететін қызметкерлерін және зерттеушілерді ұсыну.

5. Жоба мақсаттарына жету табысы мынадай өлшемдер бойынша бағаланады:

- а. Қаржы полициясы академиясындағы оқу деңгейінің артуы және құрал-жабдықтардың жетілдірілуі (тәуелсіз сарапшылардың бағалауы бойынша);
- б. қаржы полициясы органдары тіркеген ақшаның жылыстауы жөніндегі қылмыстық істер санының өсуі (статистиканы қаржы полициясы органдары ұсынады);
- с. сотқа жіберілген ақшаның жылыстауы жөніндегі қылмыстық істер санының өсуі (статистиканы Бас прокуратура ұсынады);
- д. Парламентке халықаралық стандарттарға сәйкестендірілген ақшаның жылыстауына қарсы әрекет ету туралы заң жобасын ұсыну (техникалық кеңесшілердің б а ғ а л а у ы б о й ы н ш а) ;
- е. қаржылық барлау органын құру үшін орын таңдау (географиялық және мемлекеттік бағыну тәртібімен).

6. Бағалау - IV бөлімді қараңыз, Бағалаудың жалпы жоспары.

В. Ішкі істер министрлігімен Сарышаған қаласындағы есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі жоба (150.000 доллар).

1. Осы жоба бойынша оқыту және жабдықтау ҚР ПМ-нің Сарышаған қаласындағы есірткі құралдарына қарсы күрес жөніндегі бөлімшесіне ұсынылады. Осы жоба бойынша АҚШ тарапынан қаржылық көмектің шамамен үштен бірге жуығы контрабанданы, әсіресе заңсыз есірткі құралдарын анықтау үшін көлік құралдарын тексеруге арналған қажетті жабдықтарды сатып алуға жұмсалады. Қалған ақшалар есірткі құралдарын сәйкестендіру; осы жоба бойынша сатып алынған жабдықтарды пайдалана отырып, көлік құралдарын тексеру; және есірткі құралдарының заңсыз айналымына, қылмыстың жасалуына күдіктілерді қамауға алу мен күзетте ұстауға байланысты заңнаманың негізгі жақтары мәселелері бойынша құқық қорғау органдарының қызметкерлерін мамандандырылған оқытуға қайта даярлау мақсатында Есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі ведомствоаралық оқу орталығының материалдық базасын нығайту үшін пайдаланылатын болады. Құқықтық оқытудың ішіне қылмыстарды жасау кезінде қолданылатын затты тәркілеу қағидаты да кіреді (заңды түрде қамауға алу, сақтау, прокурорлармен және соттармен ынтымақтастық, тәркіленген мүлікті іске асыруға жауапты органдарға беру) кіреді.

2. Нұсқаушылар мен материалдар.

Оқытуды АҚШ Кеден қызметінің Халықаралық операциялар кеңсесі, Сот сараптамасы орталығының Есірткіні бақылау жөніндегі ұлттық лабораториясы, Қазақ гуманитарлық заң университеті мен ПМ Академиясы жүргізеді. Жалған құжаттарды сәйкестендіру бойынша қосымша оқыту ақша қаражаттарының болуына байланысты жүргізіледі.

3. АҚШ Үкіметінің тарапынан:

- a. көлік құралдарын тиімді тексеруге қажетті жабдықтарды ұсыну (жобаны жалпы қаржыландырудың кемінде үштен біріне);
- b. тексеру және жауап алу бойынша ұзақ мерзімді оқыту;
- c. Есірткі құралдарын сәйкестендіру бойынша оқыту;
- d. ҚР-дың есірткі бизнесі, қамауға алу, дәлелдеулерді жинау, қылмыстарды жасау үшін қолданылатын мүлікті пайдалануға тыйым салу саласындағы заңнамасын оқыту;
- e. ҚР тарапынан нұсқаушылар үшін іссапарларды төлеу іс-әрекеттер қамтылады.

4. ҚР Үкіметі тарапынан:

- a. жабдықтауды және оқытуды қажет ететін бөлімшені таңдау;
- b. бағдарлама аяқталған соң оқу деңгейін жоғары ұстап тұрудың ұзақ мерзімді жоспарын әзірлеу;
- c. Есірткі құралдарын сәйкестендіру проблемалары және ҚР заңнамасының мәселелері бойынша сарапшыларды ұсыну;
- d. осы жобаның нәтижесінде алған білімдерін пайдалану есірткілердің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі ішкі істер органдарының басқа да бөлімшелерін

оқытуға

жоспар

әзірлеу;

е. Ішкіісмині Академиясының оқу бағдарламасын жетілдіру үшін алған білімдері мен тәжірибені қолдану.

5. Жобаның мақсатына қол жеткізу жетістігі мынадай өлшемдер бойынша бағаланады:

а. есірткі құралдарын дайындаумен, сақтаумен, таратумен және тасымалдаумен айналысатын адамдарды ұстау санының өсуі (статистиканы ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті ұсынады);

б. бөлімшенің дайындығын жоғары деңгейде сақтап тұру және алған тәжірибені Ішкіісминінің басқа ұқсас бөлімшелеріне тарату жөніндегі Ішкіісминінің жазбаша жоспарлары;

с. алған білімдерін Ішкіісмині Академиясының оқу бағдарламасын жетілдіру үшін қолдануы жөніндегі жазбаша жоспар.

6. Бағалау - IV бөлімді қараңыз, Бағалаудың жалпы жоспары.

С. Қазақстан-Ресей шекарасындағы шекара қызметімен бірлескен жоба (150.000 доллар)

1. Осы жоба ресей шекарасының Қызыл Ауыл және Жезкент елді мекендеріндегі шекаралық өткізу пункттеріне жабдықтар беруді және оқытуды көздейді. Америка тарапынан берілетін ақша қаражаттарының шамамен үштен бірі заңсыз есірткі құралдарын табу үшін көлік құралдарын тексеруге және жасыл дәлізді күзетуге арналған қажетті жабдықты алуға қолданылады. Қалған ақшалар есірткіні табу; осы жоба бойынша сатып алынған жабдықты пайдалана отырып, көлік құралдарын тексеру; және заңсыз есірткінің айналымымен, заңсыз мүлікті тәркілеумен және Шекара қызметінің қызметкерлері өкілеттіктерін құқықтық шектеуді ескере отырып, қылмыстың жасалуына күдіктілерді қамауға алумен және күзетте ұстаумен байланысты заңнаманың базалық нормалары мәселелері бойынша бөлімшелердің қызметкерлерін мамандырылған түрде оқыту үшін жұмсалады.

2. Оқытуды АҚШ Кеден қызметінің халықаралық операциялар кеңсесі, сот сараптамасы орталығының Есірткілерді бақылау жөніндегі ұлттық лабораториясы, Қазақ гуманитарлық заң университеті және Ішкіісминінің Академиясы ұсынады. Жалған құжаттарды сәйкестендіру бойынша қосымша оқыту ақша қаражаттарының болуына байланысты ұсынылады.

3. АҚШ Үкіметінің тарапынан болатын іс-қимылдар мыналарды қамтиды:

а. көлік құралдарын тиімді тексеруге қажетті жабдықты ұсыну (жобаны жалпы қаржыландырудың кемінде үштен бірі);

б. тексеру және жауап алу бойынша ұзақ мерзімді оқыту;

с. есірткілерді сәйкестендіру бойынша оқыту;

д. есірткі бизнесі, қамауға алу, дәлелдеулерді жинау, қылмыстарды жасау үшін пайдаланылатын мүлікті тәркілеу және азаматтардың құқықтары саласындағы ҚР

з а ң н а м а с ы н

о қ ы т у ;

е. ҚР тарапынан нұсқаушылар үшін іссапарларды төлеу.

4. ҚР тарапынан болатын іс-қимылдар мыналарды қамтиды:

а. жабдықтауды және оқытуды қажет ететін бөлімшені таңдау;

б. бағдарлама аяқталған соң оқу деңгейін жоғары ұстап тұрудың ұзақ мерзімдік ж о с п а р ы н ә з і р л е у ;

с. есірткіні сәйкестендіру проблемалары және ҚР заңнамалары мәселелері бойынша с а р а п ш ы л а р д ы ұ с ы н у ;

д. осы жобаның нәтижесінде алған білімдерін есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі басқа да ішкі істер бөлімшелерін оқытуда пайдалану ж ө н і н д е г і ж о с п а р ә з і р л е у ;

е. алған білімдері мен тәжірибесін Ішкіісмині Академиясының оқу бағдарламасын ж е т і л д і р у ү ш і н қ о л д а н у .

5. Жоба мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдер бойынша б а ғ а л а н а д ы :

а. есірткі құралдарын дайындаумен, сақтаумен, таратумен және тасымалдаумен айналысатын адамдарды ұстау санының өсуі (статистиканы ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті ұсынады);

б. бөлімшенің дайындығын жоғары деңгейде сақтап тұру және алған тәжірибені Ішкіісминінің басқа да ұқсас бөлімшелеріне тарату жөніндегі Ішкіісминінің жазбаша ж о с п а р л а р ы ;

с. алған білімдерін Шекара қызмет Академиясының оқу бағдарламасын жетілдіру үшін қолдануы жөніндегі жазбаша жоспар бойынша бағаланады.

6. Бағалау - IV бөлімді қараңыз, Бағалаудың жалпы жоспары.

D. Құқықтық статистиканы жинауды жетілдіру жөніндегі жоба (150.000 доллар)

1. Осы жобаның мақсаты Қазақстанда, әсіресе INL бағдарламаларымен көзделген және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте ҚР қол жеткізетін прогреспен байланысты салаларда және бөлімдер бойынша құқықтық статистиканы жинауды жетілдіру болып табылады. Бұл жоба ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетін жаңғырту шығыстарын жабады. Прокуратураның Қазақстан мен Қырғызстан шекарасының бойында орналасқан Қордай және Тараз қалалары арасындағы бөлімдері; Сарышаған қаласының ауданындағы жергілікті бөлімі, және Қазақстан мен Ресей шекарасындағы Қызыл ауыл және Жезкент елді мекендерінің жанында орналасқан жергілікті бөлімдері бірінші кезекте жаңғыртылатын болады. Сондай-ақ жоба мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу жинауды жетілдіру мақсатында 2004 жылда Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті өткізетін үш аумақтық семинарларды, сондай-ақ Қазақстандағы қылмыс туралы статистиканың жыл сайынғы басылымының бірінші нөмірін шығаруды

қаржыландыруды көздейді. Қаражат жеткілікті болған жағдайда жоғарыда аталғандарды қоспағанда, басқа да жергілікті бөлімдер жаңғыртылуы мүмкін.

2. Нұсқаушылар мен материалдар

Нұсқаушылар мен материалдарды INL тарапынан қаржыландыру болған жағдайда
Б а с п р о к у р а т у р а ұ с ы н а д ы .

3. АҚШ Үкіметі тарапынан жасалатын іс-қимылдар:

- a. қаржыландыруды ұсынуды;
- b. жергілікті жерлердегі бөлімдерге жеткізілетін жабдықтарды сатып алу жөнінде қызметтер көрсетуді;
- c. қажет болған жағдайда техникалық кеңестер беруді қамтиды.

4. ҚР тарапынан жасалатын іс-қимылдар:

- a. жергілікті жерлердегі бөлімдерді қамтамасыз етуге қажетті жабдықтау пакетін әзірлеуді;
- b. аумақтық құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдары мен құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің қызметкерлері қатысатын есірткі қылмысы туралы мемлекеттік құқықтық статистиканы жинау және қалыптастыру жөніндегі үш аумақтық оқу семинарларын ұйымдастыруды;
- c. республика бойынша 2004 жылғы статистиканы құрайтын толық жинақты шығару және тарату;

5. Жоба мақсаттарына қол жеткізген жетістігі мынадай өлшемдер бойынша бағаланады:

- a. тиісті жергілікті бөлімдерді тез арада жабдықтау және оларды орталық орган - Астана қаласындағы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетімен байланыспен қамтамасыз етуі;
- b. қамауға алу санына, есірткі құралдарын және өзге де контрабанданы алып қоюға, заңсыз тасымалдайтын адамдарды ұстауға және INL бағдарламасын орнатудың тиімділігімен байланысты өзге де ақпаратқа қатысты тура статистикалық деректерді тоқсан сайын ұсынуды;
- c. қылмыс туралы статистикалық деректерді жинау және тарату жөніндегі үш аумақтық семинарды табысты өткізуі;
- d. 2005 жылдың наурыз айынан кешіктірмей республика бойынша 2004 жылғы статистиканы құрайтын толық жинақты шығаруы және таратуы.

6. Бағалау - IV бөлімді қараңыз, Бағалаудың жалпы жоспары.

4. Бағалаудың жалпы жоспары

A. Жоғарыда аталған әрбір жобаны бағалау кезінде, тараптар:
1. мыналарды:

- a. қол жеткізген табыстарды;

в. жобаны жетілдіру немесе өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды талқылау үшін кемінде үш айда бір рет кездесуге.

2. қаралатын кезеңдегі жобаның жетістігін бағалау үшін қажетті барлық ақпаратты ұ с ы н у ғ а ;

3. ертеректе жобаға енгізілген өзгерістердің жетістігіне баға беруге;

4. осы кезеңдегі жағдайы бойынша жобаға және жобаны ойдағыдай іске асыру үшін не істеу керектігі туралы қысқаша түрде баға беруге келісті.

В. Әр жобаның қорытынды сатысында INL және ҚР-дың өкілдері болашақ жобалардың тиімділігін жетілдіру үшін көзқарастар жасау мақсатында әр жобаның жетістігі мен проблемаларын толық сипаттай отырып, толық бағалауды жүргізеді.

5. Қорытынды

Өзара түсіністік туралы бастапқы меморандумның барлық шарттары қолданыста б о л а д ы .

Осы Хаттама _____ жылғы " __ " _____ қаласында, әрқайсысы ағылшын және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы

Үкіметі үшін

Америка Құрама Штаттары

Үкіметі үшін АҚШ-тың

Қазақстандағы Төтенше және

өкілетті елшісі